

А.А. Құрманәлі<sup>1\*</sup>, К.А. Құрманәлиев<sup>2</sup>

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан;  
Қазақстан Ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясы, Астана, Қазақстан  
(E-mail: altynshash777@hotmail.com, kareke09@mail.ru)

## Шет тілін интерактивті оқытудың лингвистикалық негіздері

Мақалада қазіргі таңда көп тіл меңгерген тұлға қалыптастыру және шет тілін оқытуды жаңа дәрежеге жеткізу мәселесі егемен еліміздің білім жүйесінің маңызды міндеттеріне айналып отырғаны баяндалған. Көп тілді тұлға қалыптастыру үдерісінде білімгерлердің шет тілін жетік меңгеруі олардың тілдік құзыреттіліктерін арттыруымен қатар іскерлік қарым-қатынас тілдерін дамытып, қоғамның интеллектуалдық әлеуетін арттыруға ықпал етеді.

*Кілт сөздер:* тіл, лингвистика, лингвистикалық негіздер, коммуникативті құзыреттілік, интерактивті оқыту.

### *Kipicne*

Соңғы жылдарда, оның ішінде егемен еліміздің білім жүйесінде көп тіл меңгерген тұлға қалыптастыру және шет тілін оқытуды жаңа дәрежеге жеткізу өзекті мәселе болып табылады. Кейбір зерттеулер бойынша көп тілді тұлға қалыптастыру үдерісінде білімгерлердің шет тілін жетік меңгеруі олардың тілдік құзыреттіліктерін арттыруымен қатар іскерлік қарым-қатынас тілдерін дамытып, қоғамның интеллектуалдық әлеуетін арттыруға септігін тигізеді.

Академик С.С. Құнанбаева шет тілін оқытудың маңызы жөнінде «Білім беру сапасына қойылатын әлеуметтік талап білім беру парадигмасының өзгеруіне жағдай туғызып, шетел тілін оқытуда қоғамның құбылмалы сұраныстарына жауап бере алатын білім берудің жаңа әдіснамасын табу қажеттігін көрсетеді. Жаһандану кезеңі, өзара тығыз байланысты қоғамдар, халықаралық қарым-қатынас құралы болып табылатын шетел тілінің әлеуметтік тұрғыдан құндылығының артуы, тілдің қазіргі маманның кәсіби компетенциясының басты көрсеткіші ретінде көрініс табуына әкелді» деп тұжырым жасайды [1, 10].

### *Зерттеудің деректері мен әдістері*

Шет тілді оқытуда коммуникативтік құзыреттілік алғашқы кезекте тұратындықтан шет тілін оқыту үдерісінде білімгерді тілдік қарым-қатынасқа даярлау мәселесі басты міндеттердің бірі болып саналады. Сондықтан тілдік материалдар, оны игертуге бағытталған әдіс-тәсілдер, сондай-ақ тіл дамыту жұмыстары білімгерлерге шет тілін оқытуға, білімгерлердің сөздік қорын байытып, олардың мақсат етілген тілде еркін сөйлеп, өз ойын нақты жеткізе білуге мүмкіндік туғызуды қажет етеді. Осы орайда, шет тілін оқытудың әдістемесін жетілдіру, оқытудың тың идеялары мен жаңашыл жолдарын тауып, оларды әрбір сабаққа жүйелі түрде енгізу — бүгінгі күннің талабымен толық үндесіп жатқан өзекті тақырып. Шет тілдерін оқыту әдістемесі негізгі ғылымдардың бірі ретінде лингвистикаға сүйенеді. Шет тілін оқытудың лингвистикалық негіздерінде мақсат етілген тілдің тілдік заңдылықтарына, грамматикалық құрылымының ерекшеліктеріне, фонетикалық және лексикалық жүйелеріне, сондай-ақ тілдік және сөйлеу материалдарын таңдауға және ұйымдастыруға қатысты мәселелер қарастырылып, өз шешімін табады. Ал, белгілі бір жолмен таңдап алынған және осы әдістің ұстанымдарына, оқыту мақсатына және тілшілік заңдылықтарға сәйкес лингвистикалық және сөйлеу материалдары шет тілін оқыту әдістемесінің лингвистикалық негіздері болып табылады.

### *Нәтижелер мен олардың талқылануы*

Лингвистика «тіл» ұғымын жан-жақты талдайды, ал әдістеме үшін ол оқыту пәні болып табылады. Әрине, оқыту теориясы мен практикасында тілдердің қызметі, құрылымы және байланысы туралы көзқарастар ұшырасады. Шет тілдерін оқыту әдістемесінің тарихы тіл білімінің жаңа кезеңіне

\* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: altynshash777@hotmail.com

өтуі әдістемелік көзқарастардың қалыптасуында көрініс тапқанын айғақтайды. Сөзді тілдің негізгі бірлігі және тіларалық салыстыру нысаны ретінде алға қойған салыстырмалы–тарихи лингвистика жеке сөздер мен олардың аудармаларын жаттау және сөзбе–сөз салыстыру және сөйлемдерді талдау жолдарын оқытудың негізгі әдісі ретінде ұсынған аударма әдістерін туғызды. Қарым–қатынас құралы ретінде қарастырылатын тіл — әр тұрғыдан ажыратуға болатын күрделі құбылыс. Ф.де Соссюр лингвистикалық әрекетті оның құрамдас бөлігі тіл, яғни тілдік мағына мен дыбыстық бейнені және сөйлеуді біріктіретін белгілер жүйесі ретінде айқындап көрсетеді, сөйлеуді ол түсіну мен еріктің дербес әрекеті деп есептейді.

Академик Л.В. Щерба тілді үш аспектіге бөліп қарастырады: сөз арқылы сөйлеу мен түсіну үдерісін меңзейді; тіл арқылы грамматикалық және лексикалық ережелерді, ал тілдік материалдар арқылы есте сақталатын сөйлеу мен түсінудің жеке әрекеттерінің жиынтығын сипаттайды.

Білімгердің сөйлеу әрекетін дамыту тілдің лексикалық және грамматикалық білім нормаларын меңгертуге байланысты болса, сөйлеу әрекеті оқылым, тыңдалым, айтылым, жазылым дағдыларымен тығыз байланысты болады. Шет тілінің сөздік құрамын меңгеру, лексикалық қор арқылы мақсат етілген тілде еркін сөйлеу лексиканы оқыту барысында жүзеге асырылады. Осы мақалада шет тілін интерактивті оқытудың тиімділігі мен лингвистикалық негіздері қарастырылады. Алдымен, интерактивті оқытудың анықтамасына тоқталатын болсақ, интерактивті оқыту әдісі — оқытушы мен білімгердің, білімгер мен басқа білімгердің өзара тығыз қарым-қатынасы жүзеге асатын сұхбаттасып оқыту әдісі.

Интерактивті оқытуда оқытушы білімгерлердің өзіндік таным үдерісін ұйымдастырушыға айналады, ол үйретпейді — үйренуге бағыт–бағдар береді, мұнда үйрену мен үйрету тек өзара белсенді әрекеттерге (ойлау, талқылау, пікірталастыру, сыни ойлау т.б.) негізделеді. Интерактивті оқу/оқыту барысында білімгерлердің бірлескен әрекет-дағдылары қалыптасып дамиды [2, 70].

Осыған орай, интерактивті оқытуда білім дайын түрде берілмейді, білім диалогтық қарым-қатынас, сыни көзқарас пен шығармашылық белсенділікке бағытталады. Интерактивті оқыту әдісі оқу үрдісінде студенттердің өмірлік тәжірибелерін пайдалану арқылы есте берік сақтауымен, мәліметтерді талдап, жинақтау арқылы өзіндік және кәсіби қабілеттерін аша алуымен ерекшеленеді.

Жұппен немесе шағын топпен жұмыстар, рөлдік немесе іскерлік ойындар, пікірталастар, тренингтер, дөңгелек үстелдер және тағы басқа иммитация әдістері интерактивті оқыту әдісінің үлгілері болып табылады [3].

«*Миға шабуыл*» әдісі (Brainstorming) туындаған қандай да бір мәселені шешуге шектеулі уақыт ішінде тиісті ұсыныстар жинау әдісі болып табылады.

- Проблемалық сұрақ ортаға тасталады.
- Тыңдаушылардың жауаптары тақтаға баған ретінде жазылады.
- Кез келген пікір, жауап қабылдана береді.
- Соңында жүргізуші қорытындылайды [4, 64].

«*Миға шабуыл*» әдісін қолдану барысында келесі ережелерді есте сақтаған жөн:

- «*Миға шабуыл*» әдісін қолданғанда басқарушы жақ немесе бағынушы жақ болмайды.
- Білімгерлердің айтқан пікірлері сыналмайды, талқыланбайды;
- Әртүрлі мазмұндағы пікірлер неғұрлым көп болса, соғұрлым мақсатқа жақындау мүмкіндігі

арта түседі.

- Білімгерлердің пікірлері мен идеялары қолдауға ие болуы қажет.
- Айтылатын пікірлер қысқа және жүйелі түрде жеткізілуі керек.

«*Топтық жұмыс*» жеке тұлғаны қалыптастырумен қатар, мынадай мақсаттарды қояды: басқалардың сырттай баға беруін ескере отырып, өзін-өзі тану, топтық үрдістің әсерін сезіну, дауыс интонациясын, мимика, қалып-күйін, иісін, т.б. бейбервалды әрекеттер арқылы басқалардың іс-әрекетін, мінез-құлқын түсіне білу, топқа әсер ететін факторларды анықтай алу, топтың іс-әрекетіне жақсы әсер ету [5, 36].

Осы ретте, білімгерлер топтық жұмыс арқылы бір-бірлерімен пікір алмасып, ұсынылған тақырыпты талқылап, мазмұнын аша алады. Білімгер сөздердің мағынасын түсіну арқылы тілдің орфографиялық, орфоэпиялық нормаларын түсіне отырып, сөздерді орнымен қолдана білуге дағыланады.

*Рөлдік ойындар.* Рөлдік ойындар — студенттерге әртүрлі кәсіби рөлдерде сөйлеуге және сабақта мәселелі жағдайды қалыптастыруға мүмкіндік беретін оқыту әдісі, яғни, өмірлік жағдайлардың белгілі бір мінез-құлық немесе эмоционалдық жақтарын меңгеру ниетінде алдын ала бөлінген рөлдер

арқылы қатысушы топтардың сахналап ойнауы. Рөлдік ойындардың артықшылығы — әр білімгер рөлге кіре отырып, жағдайды шынайы сезінеді, шешім қабылдайды. Оқытушының басты міндеті — мақсат етілген тілді қарым-қатынаста жүзеге асыруға бағыт-бағдар беру.

Рөлдік ойындарда қарым-қатынастың үш түрі қолданылады:

- 1) Перцептивтік (адамдардың бір-бірін көзбен көріп қабылдауы, интуиция арқылы сезінуі).
- 2) Интерактивтік (адамдардың бір-біріне өзара әсер етуі).

3) Ақпараттық (адамдардың бір-бірімен пікір алмасуы, ойларымен, мақсат-мүдделерімен, рухани байлығымен, қызығушылығымен бөлісуі).

Жоғарыда мазмұндалған қарым-қатынас түрлеріне сәйкес рөлдік ойындар білімгерлерге әр түрлі жағдаятта әсерді сезінуге септігін тигізеді, білімдерді синтездеуге, шығармашылық өнім жасауға жағдай жасайды, сондай-ақ, әр түрлі жағдаяттар мен мәліметтерді талдай отырып, сараптама жасап, зерттеу барысында жаңалық ашуға мол мүмкіндік береді. Рөлдік ойындар білімгерлердің ой өрісін кенейтіп, білім үдерісін жандандырады, тіл үйренушінің пәнге деген қызығушылығы артып, орындаған іс-әрекеттері арқылы тіл үйренуге деген сенімі қалыптасады.

Рөлдік ойындарда білімгерлер пікірталастағыдай өз түсініктері мен көзқарастарынан туындаған позицияларды ұстанбай, өздерін басқалардың орнына қояды. Рөлдік ойындарда студент өзінің теориялық білімдерін өмірде (практикада) кездесетін ситуациялар мен жағдаяттарда қолданады. Ол мұндай ойындарда проблемалардың мазмұны мен мән-жайын дұрыс түсінетіндігін көрсетеді, олардың шешу жолдарын қарастыру арқылы өзінің шығармашылық (креативтік) деңгейін көтереді.

Рөлдік ойындарды жүргізу алдында оқытушының әдістемелік тұрғыдан жан-жақты дайындалуы шарт, ол әсіресе келесі мәселелерді алдын-ала мұқият талдап алуы керек:

- ойынды өткізудің әдістемесі (ойын шарттары мен ережелері, мақсаттары, кезеңдері, қатысушылар, т.б.);

- ойынның мүмкін нәтижелерін болжау;

- ойынның нәтижелерін қорытындылау [2, 292].

«Аквариум әдісі» білімгерлерге туындайтын мәселені «қоғам алдында» талқылауға ұсынылатын диалог формасы. Аталған әдіс көп жағдайда жаңа тақырыпты меңгерту барысында жүргізіледі. Мәтін білімгерлерге оқуға беріліп, мәтінді түсінгендері ортаға салынады.

«Жұппен жұмыс». Білімгерлерді жұппен жұмыстар орындатуға бағытталған сабақтар білімгерлерді коммуникативтік қабілеттерін дамытып, оларды ынтымақтастық пен серіктестікке шыңдайды. Сонымен қатар, жұптық және шағын топтық жұмыстар жылдам, жаңа идеяларды ұсынып, белгілі бір жағдайды оң шешуге де мүмкіндік береді.

«Сократ» әдісін» қолдану арқылы, яғни тек қана сұрақ қою арқылы бір шешімге келу. Мысалы: Сіздер қай әншінің әндерін жиі айтасыздар? Неге? Әншінің мына жаңа әніне сіздер қалай деп ат қояр едіңіз? және т.б. Білімгерлер өз нұсқаларын айтады, соңында дауыс беру нәтижесінде ең жақсы нұсқа таңдап алынады.

Шет тілі сабақтарында білімгерлердің танымдық, коммуникативтік біліктіліктерін қалыптастыру мәселесі ойын элементтерінсіз мүмкін емес. Осы орайда, Қ. Жарықбаев ойындардың маңызы туралы пікірін былай тұжырымдайды: «Ойын — бала әрекетінің негізгі бір түрі. Ойын арқылы адам баласының белгілі бір буыны қоғамдық тәжірибені меңгереді, өзінің психикалық ерекшеліктерін қалыптастырады. Бала ойынында да қоғамдық, ұжымдық сипат болады. Мәселен, кез келген бала ешуақытта жалғыз ойнамайды, қатар құрбыларымен бірлесіп ойнайды, ойын арқылы бір-бірімен өзара қарым-қатынас жасайды. Осындай ойындарда баланың қабілеттері жақсы жетіле бастайды. Ұжымдық ойындар баланың моральдық, эстетикалық сезімдерінің қалыптасуына әсер етеді» [6].

«Ойындар» білімгерлердің сөздік қорын дамытуда, грамматиканы меңгеріп, қатысымдық қабілеттерін дамытуда таптырмайтын құралы болып табылады. Ойындар білімгерлердің тілді жатық сөйлеулеріне, өз ойларын анық әрі жүйелі жеткізулеріне және өзіндік ойлауының қалыптасуына ықпал етеді [7, 416].

Ойын әдісі білімгерлерге оқу үрдісіндегі орын алатын мәселелерді шешуде жиі қолданылады. Ойын әдісінің іскерлік, рөлдік, имитациялық т.б. түрлері бар. Іскерлік ойын кезінде білімгер ойын ішіндегі жағдаятқа толығымен еніп, өзара қарым-қатынасы дамып, ойын барысындағы қуану, ренжу т.б. эмоциялары байқалады. Бұл әдістің басқа әдістерден ерекшелігі — білімгердің ойын түрінде берілген тапсырманы орындау үшін ең тиімді құралдармен қамтамасыз етілуіне мүмкіндік туады.

«Джигсо әдісінде» (Jigsaw) топ мүшелеріне еріктілік, өз бетінше жұмыс істеуге мүмкіндік беріледі. Оқытушы тек ұйымдастырушы ғана емес, білімгерлермен бірге сол топтың мүшесі болады

және «өзара қарым-қатынас үрдісін байланыстырушы» рөлін атқарады. Оқытушы іс-шараға қатысумен қатар, алдын-ала сценарий дайындап, топ жұмысына жанама түрде әсер етеді, алған бағытына баға береді және сенімділік пен ашық эмоционалдық ортаның қалыптасуына ықпал етеді. Бұл әдісте жеке тұлғаны қалыптастырумен қатар, басқалардың сырттай баға беруін ескере отырып, өзін-өзі тану, топтық үрдістің әсерін сезіну, дауыс интонациясын, мимика т.б. вербальды емес әрекеттер арқылы басқалардың іс-әрекетін, мінез-құлқын түсіне білу, топқа әсер ететін факторларды анықтай алу, топтың іс-әрекетіне тиімді, жақсы әсер ету тәрізді мақсаттар көзделеді.

Білімгерлер 4 топқа бөлініп, ақынның 4 өлеңін алып топ ішінде талдайды. Содан кейін оны бір білімгер басқа топтарға барып түсіндіреді. Білімгерлерді топқа бөліп жұмыс істетуде әр студентке бір өлең жолы (тармағы) жазылған карточка беріледі [8, 131].

Білімгерлер аудиторияны аралап, тармақтардан шумақ құрап, сол құрамда топқа бөлінуі қажет. Берілген шумақтар саны топтардың санымен бірдей болуы тиіс. Мысалы, 16 студентті 4 адамнан тұратын 4 топқа бөлуге болады. «Джигсо» әдісін қолдану барысында атақты ақынның бір өлеңін бір жолдан әр студентке таратып беруге болады.

*«Пікірталас» әдісі* — өте ертеден белгілі, әсіресе орта ғасырда ақиқатқа жетудің бір формасы ретінде кеңінен таралған әдіс. «Пікірталас элементтерін оқытудың кез келген формасында қолдануға болады. Білімгерлер арасында өткен пікірталаста олардың топ мүддесін қорғағаны дұрыс. Сол арқылы олардың ұжымдық бірлікті сақтау, топта жұмыс істей білу дағдылары қалыптасады [9, 82].

Пікірталас — оқу/оқытудың тиімді тәсілдерінің бірі, өйткені білімгерлер белгілі бір өміршен мәселені немесе проблеманы жан-жақты қарастыру және талқылауда өздерінің теориялық және практикалық білімдерін жинақтап, оларды қолдана отырып, өз көзқарасын пайымдау мен түйіндеуге, өзге пікірлерді ескеруге және оларды өз қажетіне пайдалануға үйренеді. Білімгерлер пікірталаста еркін қарым-қатынасқа түсіп, өз ұстанымдарын қалыптастыру және қорғау, оларды өзге пікірлермен салыстыру әрекеттерімен айналысады. Пікірталас кезінде аудиторияда өмірдің шынайы проблемаларын ортаға салады, оларды әртүрлі көзқарас тұрғысынан қарастырады, ең тиімді шешімдерін ұсынуға тырысады.

Пікірталастың тақырыптары тек пәнге ғана қатысты емес, сонымен қатар, адамгершілік құндылықтарға немесе топ мүшелерінің өзара қарым-қатынас мәселелеріне байланысты болуы мүмкін. Ең негізгі шарты — алынған тақырып әртүрлі көзқараста пікірталас тудыратындай болуы керек. Егер білімгерлерде тақырыпқа қатысты білім қоры болмаса, пікірталас жүргізудің ешбір мәні болмайды. Бұл әдісті білімді бекіту кезеңінде қолдану өте тиімді.

*«Кейс-стади» әдісі* — кейстерді қолдану арқылы жүзеге асырылатын, таңдау жасау мен шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыратын тиімді әдіс. Бүгінде білім алудың тиімді әдістерінің біріне айналған «кейс-стади» әдісі теориялық білім алған студенттерді болашақ мамандықтың практикасына бағытталған әрекеттерге баулиды. Ол нақты жағдаяттарды практикалық тұрғыдан талдау мен оларды өмірмен сабақтастыра қайталауға, «ойнап» шығуға негізделеді. Сол себепті кейс-стадиді кейде «нақты оқу ситуациялар әдісі» деп те атайды. «Кейс-стади» әдісінің мақсаты — студенттерді кез келген теориялық мәлімет пен ақпаратты талдай білуге, негізгі проблемаларды айқындауға, проблемаларды шешудің әртүрлі балама жолдарын табуға, сараптау арқылы олардың ішінен ең тиімдісін таңдауға, өз іс-әрекеттерін жоспарлауға жұмылдыру.

«Кейс-стади» әдісі практикалық мәселелерді жан-жақты қарастыру арқылы пәннің теориялық мазмұнын толықтырады. Кейс-стади әдісі көмегімен өмірде туындайтын проблемаларға жауап іздену арқылы студенттер ертеңгі өмірде кездесуі мүмкін жағдайлар мен мәселелердің дұрыс шешімін табуға жаттығады [2, 308].

*Тренинг* — интерактивті оқытудың жаңа әдістерінің бірі. Тренинг кезінде туындаған түрлі жағдайлар оқу түрі тұрғысынан шартты, ойын түрінде болса да оқушы үшін шынайы жағдай ретінде қабылданып, олар әрекет нәтижесі үшін үлкен жауапкершілікті қажет етеді. Мұнда жауапкершілік сезімі ерекше болады. Мысалы, әркімнің әрекетінің табысты болуы бүкіл топ мүшелері әрекетінің табыс кепілі болғандықтан, әркім өзіндік жауапкершілікті ғана емес, топтағы серіктесінің алдындағы жауапкершілікті де сезінеді. Осы жағынан алғанда тренинг, ойынға қатысушылардың жауапкершілігі бір-біріне тәуелді болатын іскери ойын тәсілдерін еске түсіреді. Оқыту тәсілдерінің айырмашылығы: бірі теорияны практика жүзінде үйренуге қызмет етсе, екіншісі практика арқылы теорияны меңгеруге қызмет етеді.

*Іскерлік ойындар.* Қазіргі таңда іскерлік және оқу ойындарының 100-ден астам түрлерін кездестіруге болады. А.А. Вербицкий іскерлік ойындарды маманның болашақ кәсіби қызметінің

пәндік және әлеуметтік мазмұнын ашатын форма деп көрсетеді. Искерлік ойын кезінде оқушы ойын ішіндегі ситуацияға толығымен енеді, өзара қарым-қатынас дами түседі, эмоциялары (ойын кезіндегі қуану, ренжу) айқын көрінеді [10, 3]. Бұл әдістің басқа әдістерден ерекшелігі — оқушының ойын түрінде берілген тапсырманы орындау үшін ең тиімді құралдармен қамтамасыз етілуіне мүмкіндік туады. Бұл ойын түрінде жүргізілсе де, оның негізінде болашақ маманның маңызды элементтері жатады.

«*Ыстық орындық*» әдісі. Бұл әдісте орындық ыстық болғандықтан берілген тапсырмаға қатысты қойылған сұрақтарға мейлінше жылдам жауап беру қажет.

«*Алты ойшыл қалпақ*» әдісі. Білімгерлердің ойлау және шет тілінде сөйлеу қабілетін дамытуда американдық профессор Эдвард де Боно ойлап тапқан «алты ойшыл қалпақ» әдісін кеңінен пайдалануға болады. Бұл әдісті қолдану кезінде:

1. Барлық білімгерлер ойлануы керек және ойларын жеткізе білуі керек;
2. Тым күрделі жағдайларды қарапайым жағдайлармен алмастыру керек;
3. Әрекеттер жоспарлы және сатылы болу керек;
4. Бір жағдаятты зерттеу қажет және сөз таластырмау керек;
5. Менің пікірім әрқашан дұрыс демей, керісінше пайдалы ұсыныстар жасау керек. Басты мақсат оны көре білу;

6. Білімгерлерге ойлау қабілеттерінің ерекшеліктерін жақсырақ түсінуін, ойлау бейнелерін бақылауды және мәселені шешу кезінде ойлау үдерісін тиімді пайдалану мақсатында діттелген мақсаттармен нақтырақ байланыстыруға машықтандыру.

Интерактивті оқыту әдісі — әсіресе сабақты пысықтап, қорытындылауда бірден-бір көмегін тигізетін әдістердің бірі. Сонымен қатар интерактивті әдістер арқылы білімгерлер өз білімін өздері бағалайды да, алған білім, білік дағдылары бойынша бағаланады. Әсіресе өзін-өзі бақылау, жұптық өзара бақылау, топтық өзара бақылау кезеңдері сабақты бекітуге айтарлықтай септігін тигізеді.

Интерактивті оқыту әдісі білімгерлердің төмендегі танымдық іскерліктерді практикада қолдануларын қамтамасыз етеді:

- Фактілерді есте сақтау;
- Құбылыстардың мәні мен маңызын түсіну;
- Білімдерді дағдылы және жаңа жағдайларда қолдану;
- Анализ (біз бір нәрсені құрамдас бөліктерге бөлу);
- Синтез (идеяларды жаңа нәрсе жасау үшін топтастыру);
- Бағалау (бір нәрсенің сапасы туралы пікір бөлісу).

Оқытушы интерактивті әдістерді қолдану арқылы білімгердің сыни тұрғыдан ойлауына, коммуникативті құзыреттіліктерін дамытуға, шығармашылық белсенділігін арттыруға, тіл байлығын жетілдіруге, жан-жақты ізденушілігін арттыруға жағдай жасайды.

Интерактивті оқу/оқыту нәтижесінде:

- Білімгерлер өздеріне бөлінген тақырып бойынша ізденуге, шығармашылық жұмыс істеуге топ болып, жұп болып әрекет етуге үйренеді.
- Білімгерлерде командалық рух қалыптасады, сондай-ақ тез тіл табысу және өзара сыйластық дағдылары дамиды.
- Білімгердің белсенді өмірлік көзқарасы қалыптасады.
- Білімгерлер өздерін еркін сезінеді және пәнге деген қызығушылықтары артады.
- Білімгерлер сұрақ қоюды үйренеді.

Интерактивті тақталарды пайдалану — интерактивті оқыту әдістерінің ең маңыздысы. Тіл үйрету барысында интерактивті тақталарды сабақтың әр кезеңінде пайдалануға болады. Интерактивті тақталардың тіл білімінің лексика, фонетика, грамматика салаларын меңгерту мақсатындағы жаттығу жұмыстарын, грамматикалық материалдарды жандандыру, білімгердің басқа тілді тыңдау арқылы қабылдауы мен сауатты жазуын қалыптастыруда, елтанымдық материалдарды игеруде пайдасы зор.

Бұл әдістің оқытушы үшін тиімділігі — интерактивті әдістерді пайдалану арқылы аудиторияны толық қамтиды, әр білімгердің білім деңгейін анықтап, сабақтың мәнін толық ашуына мүмкіндігі болады, оларды шығармашылық ізденіске және өз бетінше жұмыс істеуге баулиды. Интерактивті сабақтарда білімгерлер тақырып бойынша өз пікірлерін ортаға салып, әрі қарай оларды дәйектеу жүйесін құрады, пікірталас жүргізеді, өзгелердің пікірлерін тыңдап, балама көзқарастарды ескереді. Сондай-ақ, сабақта әр түрлі интерактивті әдіс-тәсілдерді қолдану білімгерлерді енжар тыңдаушы және қатысушы позициясынан шығарып, белсенді білім алушы болуға ұмтылдырады, сонымен қатар

оларды шығармашылық ойлауға, алған ақпараттарына түсінік беруге, оқу үдерісін басшылыққа алуға ынталандырады.

### Қорытынды

Сөзімізді қорытындылайтын болсақ, интерактивті оқыту әдісінде оқытушы мен білімгердің арасындағы өзара белсенді байланыс сұрақ-жауап, пікір алмасу, талқылау тіл үйренушілердің т.б. сөйлеу дағдыларының дамуына септігін тигізетін тапсырмалар мен жаттығулар арқылы жүзеге асады. Интерактивті тапсырмалардың түрі өте көп, оның барлығы оқытушының шығармашылық қабілетіне байланысты қолданылады. Интерактивті оқыту әдісі білімгерлердің белсенділігін арттыруға тікелей әсер етеді. Бұл әдісті қолданудың нәтижесінде білімгердің дүниетанымдық ой-өрісі кеңейіп, дербес пікірі мен көзқарасы қалыптасады. Сондықтан дәрістерде білімгерлерді білімді өз бетінше ізденуіне мүмкіндік беретін интерактивті оқыту әдісін жиі қолданған дұрыс. Білімгерлерді сұрақ қоюға және басқалармен пікір алмасуға баулу аса маңызды. Сонымен қатар, білімгерлердің жұмыс жасау арқылы білімді терең игеретінін естен шығармаған жөн. Алайда, интерактивті оқыту әдісін шет тілі сабақтарында тиімді пайдалану үшін оқытушы өз жұмысын алдын-ала және жан-жақты жоспарлауы қажет. Әр білімгердің оқу, қабылдау және қызығушылық деңгейлері әртүрлі болатындықтан олардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін ескеру қажет. Сондай-ақ, шет тілі сабақтарында тілдік әрекеттер бір-бірімен тығыз байланыста қалыптастырылып, дамытылуы керек. Білімгерлердің танымы мен тілін дамытып, қарым-қатынастық әрекетті жүйелі жүргізу үшін бірінші кезекте оларды сөз бен ойдың мағынасын меңгертуге баулу қажет. Соның нәтижесінде білімгердің ауызша және жазбаша сөйлеу дағдылары қалыптасып, сөздік қоры байып, өз ойын еркін жеткізулеріне мүмкіндік туады. Бұдан бөлек, білімгерлердің интерактивті оқыту арқылы сөздік қорын молайтып, сауатты жазуға және сөйлеуге дағдыландыру, т.б. мәселелер лингвистикалық білім негізінде жүргізілуі керек.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Құнанбаева С.С. Қазіргі шеттілдік білім берудің теориясы мен практикасы / С.С. Құнанбаева. — Алматы: ҚазХҚЖӘТУ, 2010. — 324 б.
- 2 Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану / А. Әлімов. — Алматы, 2009. — 328 б.
- 3 <https://www.bookwidgets.com>. — Retrieved from <https://www.bookwidgets.com/blog/2018/06/20-interactive-teaching-activities-for-in-the-interactive-classroom>
- 4 Demirel Ö. Yabancı Dil Öğretimi / Ö.Demirel. — Ankara: Pegem Akademi, 2020.
- 5 Наубатова Н.Т. Интерактивные методы обучения / Н.Т. Наубатова // Вестн. АПН Казахстана. — 2009. — № 1.
- 6 Жарықбаев Қ. Жантану / Қ. Жарықбаев. — Алматы: Шұғыла, 2008. — 638 б.
- 7 Құрманәлі А.А. Түрік тілі сабақтарында грамматиканы оқытуда ойындардың тиімділігі / А.А. Құрманәлі // VII International Conference Building Cultural Bridges. — Алматы, Suleyman Demirel University Press, 2015.
- 8 Керімбекова Б. Поэзиялық шығармаларды инновациялық технологиялар арқылы оқыту әдістемесі / Б. Керімбекова // VII International Conference Building Cultural Bridges. — Алматы: Suleyman Demirel University Press, 2015.
- 9 Küçükahmet L. Öğretimde planlama ve değerlendirme / L. Küçükahmet. — Ankara: Nobel Yayınları, 2008.
- 10 Усова А. Формирование у школьников научных понятий в процессе обучения / А.Усова. — М.: Педагогика, 1986.

А.А. Құрманәлі, К.А. Құрманәлиев

### Лингвистические основы интерактивного обучения иностранному языку

В статье отмечено, что в настоящее время проблема формирования многоязычной личности и доведения обучения иностранному языку до новой степени становится важной задачей системы образования суверенной страны. Свободное владение иностранным языком обучающимися в процессе формирования многоязычной личности способствует развитию языков делового общения и повышению интеллектуального потенциала общества наряду с повышением их языковой компетентности.

*Ключевые слова:* язык, лингвистика, лингвистические основы, коммуникативная компетентность, интерактивное обучение.

A.A. Kurmanali, K.A. Kurmanaliyev

**Linguistic foundations of interactive foreign language teaching**

The article emphasizes that at present the problem of forming a multilingual personality and bringing foreign language teaching to a new degree is becoming an important task of the education system of a sovereign country. Fluency in a foreign language by students in the process of forming a multilingual personality contributes to the development of business communication languages and the increase of the intellectual potential of society along with the increase of their linguistic competence.

*Keywords:* language, linguistics, linguistic foundations, communicative competence, interactive learning.

## References

- 1 Qunanbaeva, S.S. (2010). Qazirgi shettildik bilim beruding teoriiasy men praktikasy [Theory and practice of modern foreign education]. Almaty: QazHQzhATU [in Kazakh].
- 2 Alimov, A. (2009). Interbelsendi adisterdi zhogary oqu oryndarynda qoldanu [Application of interactive methods in higher education institutions]. Almaty [in Kazakh].
- 3 <https://www.bookwidgets.com/blog/2018/06/20-interactive-teaching-activities-for-in-the-interactive-classroom>
- 4 Demirel, Ö. (2020). Yabancı Dil Öğretimi [Foreign Language Teaching]. Ankara: Pegem Akademi [in Turkish].
- 5 Naubatova, N.T. (2009). Interaktivnye metody obucheniia [Interactive teaching methods]. *Vestnik Akademii pedagogicheskikh nauk Kazakhstana — Bulletin of the Academy of Pedagogical Sciences of Kazakhstan, 1* [in Russian].
- 6 Zharyqbaev, Q. (2008). Zhantanu [Psychology]. Almaty: Shugyla [in Kazakh].
- 7 Qurmanali, A.A. (2015). Turik tili sabaqtarynda grammatikany oqytuda oiyndaryng tiimdiligi [The effectiveness of games in teaching grammar in Turkish language lessons]. *VII International Conference Building Cultural Bridges*. Almaty, Suleyman Demirel University Press [in Kazakh].
- 8 Kerimbekova, B. (2015). Poeziialyq shygarmalardy innovatsiialyq tekhnologiiialar arqyly oqytu adistemesi [Methods of teaching poetry works through innovative technologies]. *VII International Conference Building Cultural Bridges*. Almaty: Suleyman Demirel University Press [in Kazakh].
- 9 Küçükahmet, L. (2008). Öğretimde planlama ve değerlendirme [Planning and evaluation in teaching]. Ankara: Nobel Yayınları [in Turkish].
- 10 Usova, A. (1986). Formirovanie u shkolnikov nauchnykh poniatii v protsesse obucheniia [Formation of scientific concepts among schoolchildren in the learning process]. Moscow: Pedagogika [in Russian].